



## Салық төлеушілер үшін 2011 жылға арналған бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Алматы облысы Көксу аудандық мәслихатының 2011 жылғы 28 наурыздағы N 54 -3 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Көксу ауданының Әділет басқармасында 2011 жылы 05 мамырда N 2-14-109 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Көксу аудандық мәслихатының 2012 жылғы 12 сәуірдегі N 3-7 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Көксу аудандық мәслихатының 2012.04.12 N 3-7 Шешімімен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Кодексінің 422-бабына сәйкес, Көксу ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызметін бір әкімшілік–аумақтық бірліктің аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін 2011 жылға арналған бірыңғай тіркелген салық ставкалары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Көксу ауданы мәслихатының 2009 жылғы 10 маусымдағы "Көксу ауданы бойынша тіркелген салық төлеушілерге белгіленген бірыңғай салық ставкасын бекіту туралы" N 26-1 (Көксу аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 14 шілдедегі 2-14-77 нөмірімен нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, 2009 жылғы 31 шілдеде Көксу аудандық "Көксу-таны" газетінің 32(4446) нөмірінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан мәслихатының ауданның экономикалық дамуы, жергілікті бюджет, табиғатты қорғау және ауылшаруашылығы мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (төрағасы Рахымбеков Аманбек) жүктелсін.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**А у д а н м ә с л и х а т ы  
с е с с и я с ы н ы ң т ө р а ғ а с ы ,**

*мәслихат хатшысы*

**Б. Қисметов**

**КЕЛІСІЛДІ:**

Көксу ауданы  
салық басқармасының бастығы

бойынша  
Нұрғалиев Қанабек Досжанұлы

2011 жылғы 18 наурыз

Көксу ауданы мәслихатының  
2011 жылғы 28 наурыздағы  
"Салық төлеушілер үшін 2011 жылға  
арналған бірыңғай тіркелген  
салық ставкаларын белгілеу  
туралы" N 54-3 шешіміне  
қосымша

**Қызметін бір әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін 2011 жылға арналған бірыңғай тіркелген салық ставкасының мөлшері**

Рет N	Салық салу объектісінің атауы	Бірыңғай базалық мөлшері көрсеткіші	тіркелген салықтың ставкаларының (айлық есептік
1	2	3	
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1	
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1	
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1	
4	Ойын жолы	5	
5	Карт	2	
6	Бильярд үстелі	3	